

## Бағаларды тіркеу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2018 жылғы 26 желтоқсандағы № 16 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 27 желтоқсанда № 18065 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 39) тармақшасына, сонымен қатар Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі төрағасының 2020 жылғы 23 қазандағы № 9-нұк бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы туралы ереженің 15-тармағы 25) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Бағаларды тіркеу қағидалары бекітілсін.
2. "Респонденттер мен үй шаруашылықтары ұсынған деректерді қоспағанда, бастапқы статистикалық деректерді тіркеу қағидасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2016 жылғы 11 наурыздағы № 45 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13608 болып тіркелген, 2016 жылғы 28 сәуірде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.
3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Баға статистикасы басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:
  - 1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;
  - 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Респубикалық құқықтық ақпарат

"орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсына орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Баға статистикасы басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының орынбасарына (Г.М. Керімханова) жүктелсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитетінің төрағасы

H. Айдапкелов

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

Статистика комитеті

төрағасының

2018 жылғы 26 желтоқсандағы

№ 16 бұйрығымен бекітілді

## Бағаларды тіркеу қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Бағаларды тіркеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 5 қазандағы № 427 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі туралы ереженің 15-тармағы 39) тармақшасына сәйкес әзірленді.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2. Қағидалар тұтыну нарығында тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге бағаларды тіркеу рәсіміне стандартты шектерді, тәсілдер мен талаптарды айқындауды.

3. Қағидалар аумақтық статистика бөлімшелерінің бағалар туралы ақпаратты жинау процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға арналған.

**Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми**

**жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

4. Қағидаларда "Мемлекеттік статистика туралы" Занда айқындалған мәндердегі үғымдар және мынадай негізгі анықтамалар пайдаланылады:

1) базалық объект – онда бағаларды байқау және тіркеу үшін іріктеліп алынған объекті;

2) ерекшелік – бағаларды тіркеу үшін іріктелген жеке тауарды (көрсетілетін қызметті) сәйкестендіру үшін пайдаланылатын суреттеме немесе сипаттамалар тізбесі;

3) өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) – тауар тобындағы тауардың (көрсетілетін қызметтің) сапасы мен негізгі тұтыну қасиеттеріне әсер етпейтін және өзінің тұтынушылық мақсаты бойынша біртекті бір-бірінен елеусіз ерекшеліктерімен (бөлшектерімен) айрықшаланатын, белгілі бір тауар (көрсетілетін қызмет) түрлерінің жиынтығы;

4) тіркеу бағасы – нақты тауар, көрсетілетін қызмет түріне төленген ақшалай бірлік саны, оларға сапасы, сатылу шарттары және уақыт кезеңі нақты анықталған.

**Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

## **2-тарау. Бағаларды тіркеу рәсімі**

5. Бағаларды тіркеуді тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) белгілі бір саны мен бағалар (тарифтер) тіркелетін базалық объектілер бекітіліп берілген аумақтық статистика бөлімшелерінің тиісті лауазымды адамдары (бұдан әрі – маман) жүзеге асырады.

Бағаларды тіркеу тікелей тауарды (көрсетілетін қызметті) сату орындарында жүргізіледі.

**Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

6. Салықты қоса алғанда тіркеу жүргізілген күні төленген (қолданыстағы) бағалар (тарифтер) бақыланады. Бағалардың (тарифтердің) кез келген өзгерісі немесе баға құрудың факторлары және басқа да себептермен туындаған оның жаңа деңгейі тіркеледі. Тіркеу кезінде сапасы немесе саны (стандартты бірліктің көлемі) есебінен бағалар мен тарифтердегі баға ауытқулары ескерілмейді.

7. Тауарларға бағалар мамандардың базалық объектілерді аралау жолымен және затбелгілерді (бағалықты) оқу арқылы тіркеледі, қажет болған жағдайда базалық

объектілердің қызметкерлерімен консультация немесе базардағы сатушыларға пікіртерім жүргізіледі.

Көрсетілетін қызметтерге бағаларды (тарифтерді) тіркеу бағалар орналастырылған прейскуанттар негізінде тіркелетін базалық объектілерді (шаштараздар мен сұлулық салондарының қызметі, моншаға бару, химиялық тазалау және басқа) аралau жолымен жүзеге асырылады немесе ақылы қызмет көрсететін тұлғаларға (аяқ киім жөндеу, тұрмыстық техниканы жөндеу, киімдерді шақтау, кілттерді жасау және басқа) пікіртерім жүргізу арқылы жүргізіледі.

Тауарлар мен ақылы көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлеріне бағалар (тарифтер) интернет арқылы (жолаушылардың теміржол көлігі мен әуе көлігі қызметі, ұялы байланыс, медициналық қызметтің жекеленген түрлері және басқа) немесе телефон (факс) арқылы тіркеледі. Бағалар туралы ақпаратты телефон арқылы алған кезде олардың қызметкерлерімен жеке байланысты ұстап тұру мақсатында және олардың бағаны анықтау кезінде өкіл тауарларды (көрсетілетін қызметтерді) тандауы кезінде қателіктерге жол бермеуі мақсатында, сондай-ақ іріктелген өкіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) ерекшеліктерінің салыстырмалылығына көз жеткізу үшін мамандар базалық объектілерге кезең-кезеңімен (тоқсанына бір рет) барып тұрады.

Ұзақ уақыт кезеңіне бағаларды (тарифтерді) белгілеу тән болып табылатын ұйымдарға (санаторий, медициналық және білім беру мекемелері, салттық қызмет көрсететін ұйымдар және басқа) көрсетілетін қызметтерге бағалар (тарифтер) туралы ақпаратты беру өтінішімен ресми хат жолданады. Бағалар (тарифтер) ұсынылған прейскуанттар негізінде тіркеледі. Деректердің анықтығын бақылау мақсатында мамандар алынған бағалық ақпаратты растау үшін тоқсанына бір реттен кем емес базалық объектілерге барып тұрады.

Тұрғын үй-коммуналдық қызметтеріне тарифтер тиісті көрсетілетін қызмет түрлеріне төлеу үшін тұрғындарға ұсыналатын төлем құжаттары (түбіртек) негізінде тіркеледі. Тарифтер өзгерген кезде олардың жаңа деңгейі табиғи монополиялар аясында және реттелетін нарық саласында басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың және осы қызмет түрлерін көрсететін ұйымдардың бұйрықтарымен расталады.

Жоғарыда келтірілген бағаларды тіркеудің дереккөздеріне қосымша ретінде, Заңның 12-бабы 15-4) тармақшасына сәйкес, меншік иелері немесе иеленушілері ұсынған балама деректер пайдаланылады.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының м.а. 24.09.2024 № 28 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

8. Күнделікті бағаларды тіркеу рәсімі негізгі үш кезеңнен тұрады:

1) бағаларды тіркеуге дайындық;

- 2) бағаларды тіркеу;
- 3) жиналған ақпаратты өндеу.

Бағаларды тіркеуге дайындық барысында маман керекті құралдарды және ілеспе құжаттарды (бағдар парагы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтер тізбесін және басқа) іріктеуді және оларды зерделеуді, өкіл тауарлар (көрсетілетін қызметтер) ерекшелігін және қажет болған жағдайда базалық объектінің жұмыс тәртібін нақтылауды жүзеге асырады.

Базалық объектіде бағаларды тіркеу:

- 1) ерекшелігіне және нақтыланған сипаттамаларға сәйкес өкіл тауарды (көрсетілетін қызметті) іздеу;
- 2) берілген параметрлер бойынша тауардың (көрсетілетін қызметтің) нақтыланған сипаттамаларының өзгермейтін тексеру;
- 3) нақты және белгіленген сипаттамаларының ауытқуын салыстыру және зерделеу;
- 4) деректердің ұқсастығы немесе өкіл тауарлар (көрсетілетін қызметтер) сапасына әсер етпейтін азғантай ауытқуы кезінде жазу;
- 5) өкіл тауарға (көрсетілген қызметке) бағаны айқындау және оның өзгеру себептерін нақтылау;
- 6) керекті өкіл тауар (көрсетілетін қызмет) болмаған жағдайда (немесе белгіленген ерекшелік пен сипаттамадан едеуір айрықшаланса) біртекті ассортиментті топтан басқа тауарды (көрсетілетін қызметті) таңдау;

- 7) жаңа тауардың (көрсетілетін қызметтің) көрнекілігі және оған деген сұраныс туралы сатушымен кенесу;
- 8) жаңа тауарды (көрсетілетін қызметті) және оның толық сипаттамасын жазу;
- 9) жаңа тауардың (көрсетілетін қызметтің) өткен айдағы бағасын (тариғін) нақтылау және оған есепті бағаны (тариғті) тіркеуді қамтиды.

Окіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) нақты түрлеріне тіркелген бағалар (тариғтер) тұтыну тауарлары мен көрсетілетін қызметтердің бағаларын жалпыменлеккеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанына енгізіледі.

Жиналған ақпаратты жұмыс орындарында өндеу мыналарды қамтиды:

- 1) тіркелген бағаны (тариғті) өткен мерзімдегі тіркеу бағасымен (тариғімен) салыстыру;
- 2) тауар тобы мен базалық объектілер арасында өкіл тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) бағалардың (тариғтердің) өзгеру деңгейі мен үрдісін салыстыру;
- 3) стандартты өлшем бірліктерді нақтылау;
- 4) серпінінде елеулі ауытқулар болған жағдайда бағаларды (тариғтерді) нақтылау (ақпаратты нақтылау үшін базалық объектіге қайта бару);
- 5) деректерді редакциялау.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (

**алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

### **3-тарау. Бағаларды тіркеу бойынша жұмыстарды ұйымдастырудың стандартты тәртібі**

9. Бағаларды тіркеу іріктемелі статистикалық байқау қағидаттарына негізделеді және өнірдің елді мекенінің, елді мекендердегі сауда объектілерінің, тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) және олардың базалық объектідегі әртүрлілігінің тек бір бөлігін қамтиды.

Бағаларды тіркеу үшін іріктең алынған елді мекендердің тізбесін статистиканың аумақтық бөлімшесінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы (бұдан әрі – құрылымдық бөлімшениң басшысы) қалыптастырады және статистиканың аумақтық бөлімшесінің басшысымен келіследі.

Бағаларды тіркеу үшін базалық объектілерді және елді мекендердің тізбесін іріктеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының міндетін атқарушының 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 230 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12955 болып тіркелген) Тұтыну бағасының индексін құру әдіснамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Статистиканың аумақтық бөлімшелері статистикалық байқау жүргізу кезінде Заңның алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығы мен қорғалуын қамтамасыз ететін ережелеріне сәйкес басшылықты, сауда және көрсетілетін қызмет саласындағы базалық объектілер иелерін олардың объектілері бағаларды тіркеу үшін базалық объектілер тізіміне енгізілгені туралы хабардар етеді.

Бағаларды тіркеу үшін тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесін құрылымдық бөлімше басшысы мамандар арасында бөледі. Әрбір өкіл тауарға (көрсетілетін қызметке) маман олардың нақты ассортиментті түрлерін таңдал алады. Байқауға таңдал алынған өкіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) ассортиментті түрлері құрылымдық бөлімше басшысымен келіследі.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - КР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

10. Базалық объектілердің, өкіл тауарлардың (көрсетілетін қызметтердің) репрезентативтілігін маман және құрылымдық бөлімше басшысы қамтамасыз етеді.

Базалық объектінің ауыстыру үшін маман ауыстыру және жаңа объектінің қосу қажеттілігінің себептерін негіздеумен жаңа объектінің іріктеу және ауыстыру бойынша жазбаша түрде ұсыныстар енгізеді. Құрылымдық бөлімше басшысымен келіслеген соң объектінің алмастыру немесе бұдан бұрын келіслеген базалық объектілер тізіміне жаңа объектінің енгізу рәсімі жүргізіледі.

Өкіл тауарды (көрсетілетін қызметті) ауыстыру рәсімін маман жүзеге асырады және құрылымдық бөлімше басшысымен келісіледі.

11. Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрылымдық бөлімше басшысы ай сайын маманмен бірге бағаларды тіркеу үшін базалық объектілерге бару кестесін (бұдан әрі – Кесте) құрайды. Осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әрбір маман үшін График негізінде бағаларды тіркеу үшін бағдар парагы (бұдан әрі – Бағдар парагы) әзірленеді.

График және Бағдар парагына құрылымдық бөлімше басшысы қол қояды. Базалық объектілер мен тауарлар (көрсетілетін қызметтер) іріктемесіне өзгерістер енгізу кезінде базалық объектілер тізіміне, Графикке және Бағдар парагына тиісті түзетулер енгізіледі

12. Тұрақты негізде өткізілетін бағаларды тіркеуді ұйымдастыру деректердің анықтығы мен олардың сапасын қамтамасыз етуге бағаларды тіркеу талаптарын сақтауға арналған іс-шараларды көздейді.

Есепті кезеңде бір тауарға (қызметке) тіркелген деректер өткен кезеңнің деректерімен олардың өзгеру себебін айқындау мақсатында салыстырылады. Байқау үшін таңдалмаған, бірақ сатылымда аталған тауарлары бар басқа базалық объектілердегі және жақын орналасқан сауда объектілеріндегі ұқсас тауар түрлеріне олардың өзгеру үрдісінің сәйкестігі айқындалады.

13. Есепті жылдың басында осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аумақтық статистика бөлімшесінің басшысы бекітетін тоқсандар бойынша Бағаларды тіркеу кезіндегі деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Жоспар) жасалады.

Бағаларды тіркеу деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында құрылымдық бөлімше басшысының немесе бас маманның (бұдан әрі – жауапты маман) қатысуымен жүргізіледі.

**Ескерту. 13-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрігымен.**

14. Бағаларды тіркеу барысында жауапты маман деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында:

- 1) тіркелген бағаның нақты сату бағасымен сәйкестігін;
- 2) тауарлар (көрсетілетін қызметтер) ассортименті түрлерінің дұрыс іріктелуін;
- 3) тексерілетін өкіл-тауар (көрсетілетін қызмет) сипаттамаларының ерекшеліктеріне сәйкестігін;
- 4) барған сәттегі іріктелген базалық объектінің репрезентативтілігін тексереді.

15. Бағаларды тіркеу кезінде деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында жауапты маман.

1) бағадағы айырмашылық. Егер бағаның алдында тіркелген бағадан айырмашылығы болса, базалық объектінің персоналышынан бағаларға тіркеу жүргізілген уақыттан бері бағаның өзгеруі туралы нақтылайды;

- 2) тауардың (көрсетілетін қызметтің) толық сипаттамасы жеткіліксіз;
  - 3) бағаларды тіркеу үшін тауарды (көрсетілетін қызметті) дұрыс таңдамауды;
  - 4) тауарды (көрсетілетін қызметті) алмастыруды дұрыс жүргізбеуді;
  - 5) деректерді енгізу қателіктерін анықтайды.

16. Деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету мақсатында бағаларды тіркеу нәтижелері бойынша осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бағаларды тіркеу сапасын қамтамасыз ету бойынша акті толтырылады. "Нәтиже" бөлімінде қорытынды жасалады, онда өкіл-тауарларға (көрсетілетін қызметтерге) тіркелген бағалардың анықтығы және олардың орташа қалыптасқан деңгейінің аталған тауарлар (көрсетілетін қызметтер) түрлерінің тіркелген бағаларға сәйкестігі көрсетіледі. Аталған бөлімде жиналған фактілер, проблемалық тұстар және оларды шешуге ұсынылатын жолдар қысқаша баяндалады.

# Бағаларды тіркеу қағидаларына 1-қосымша

## Нысан

## (аумақтық статистика бөлімшесінің атауы)

Ескеरту. 1-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Бағаларды тіркеу үшін базалық объектілерге бару графигі 20\_жылғы \_\_\_\_\_ (ай)  
\_\_\_\_\_ (Т.А.Ә. (бар  
болған жағдайлда), маманның дауазымы))

## Кестенің жалғасы

## Құрылымдық бөлімше басшысы

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

## Бағаларды тіркеу қағидаларына 2-қосымша

### Нысан

## (аумақтық статистика бөлімшесінің атаяуы)

Ескеरту. 2-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

Бағаларды тіркеу үшін бағдар парагы 20\_жылғы \_\_\_\_\_ (ай) \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда),  
маманның лауазымы))

\*ТБИ – Тұтыну бағасының индексі

Құрылымдық бөлімше басшысы \_\_\_\_\_

(қолы) (Т.А.Ә. (бар болған жағдайда))

Бағаларды тіркеу қағидаларына  
3-көсімшә  
Нысан  
"Бекітемін"  
аумақтық статистика  
бөлімшесінің басшысы

(Т.А.Ә.(бар болған жағдайда))

(қолы)  
20\_\_жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескеरту. З-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бүйрекшімен.

**Бағаларды тіркеу кезіндегі деректердің сапасы мен анықтығын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары**

Күні, айы, жылы	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), маманың лауазымы	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жаупты маманың лауазымы

Багаларды тіркеу қағидаларына  
4-қосымша  
Нысан

(аумақтық статистика  
бөлімшесінің атавы)

Ескерту. 4-қосымшаның жоғарғы оң жақ бұрышындағы мәтін жаңа редакцияда - ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 25.07.2023 № 12 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

**Багаларды тіркеу сапасын қамтамасыз ету бойынша акті 20\_\_жылғы \_\_\_\_\_ (ай)**

Өкіл тауардың (көрсетілетін қызыметтің) атауы	Өлшеп оралған	Базалық объектінің атавы және занды мекен-жайы	Т.А.Ә. (бар болған жағдайда ), маманың лауазымы	Бага, тариф (тенге)	
				тіркелген күнге	Бару күніне

Нәтиже:

---



---



---

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), жаупты маманың  
лауазымы) (қолы)

Актімен таныстым:

(Т.А.Ә. (бар болған жағдайда), маманың лауазымы) (қолы)  
20\_\_жылғы "\_\_\_"  
(ай)